

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 290 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 49, 627-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:
«Облыстың, Алматы, Астана қалаларының әкімі орынбасарларының саны (бірлік)»
деген бағанда:

«Батыс Қазақстан» деген жолдағы «4» деген сан «5» деген санмен ауыстырылсын;
«ЖИЫНЫ» деген жолдағы: «71» деген сандар «72» деген сандармен ауыстырылсын

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі:

1) өзінің бұрын шығарған актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*